

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 13.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлестіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Асқарбекұлы Досаев мырзаға беріледі.

ДОСАЕВ Е.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлестіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Келісім 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одағы туралы шарттың 70-бабына сәйкес әзірленді, онда ортақ қаржы нарығын құру мақсатында халықаралық келісімді әзірлеу және қаржы нарығы саласындағы заңнаманы үйлестіру көзделген.

Ортақ қаржы нарығын құру банк, сақтандыру секторында және бағалы қағаздар нарығындағы қызмет көрсету секторында лицензияларды өзара тануды, қаржы нарықтарына кемсітушіліксіз кіруді қамтамасыз етуді, мемлекеттік реттеуді жетілдіруді және қаржы нарықтарында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруды көздейді.

Келісімде үйлестіру үшін жеті бағыт айқындалады:

бірінші – қаржы нарықтарына қатысушыларға оларды құруға, қалыптастыру мен қызметіне қатысты келісілген талаптары;

екінші – халықаралық стандарттарға сәйкес қаржы нарығы саласындағы тәуекелдерді реттеу;

үшінші – қадағалау талаптары және қаржы нарығының қатысушыларына қадағалауды жүзеге асыру тәртібі;

төртінші – лицензияларды өзара тануға талаптар;

бесінші – қаржы нарығы саласындағы ақпаратты жария етуге талаптар;

алтыншы – мүше мемлекеттер инвесторларының қаржы нарығына қатысушылардың жарғылық капиталында үлестерді (акцияларды) иеленуі;

жетінші – қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын және мүдделерін қорғау жөніндегі талаптар.

Келісімде үйлестіруді жүргізу тәртібі айқындалған. Келісім күшіне енгеннен кейін тоғыз айдың ішінде үйлестіру жоспары әзірленеді. Онда үйлестіруді жүргізу кезеңдері мен мерзімдері көзделеді.

Заңнаманы үйлестіру жөніндегі келісілген ұсыныстарды Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі бекітеді және халықаралық келісімдер қабылдау арқылы ұлттық заңнамаға енгізілетін болады.

Еуразиялық экономикалық одағы елдерінің бірінің заңнамасы үйлестіру өлшемшарты болмайтынын атап өткен жөн. Үйлестіру халықаралық қағидаттар мен стандарттар ең үздік халықаралық практика негізінде жүргізілетін болады.

Заңнаманы үйлестіруді 2025 жылы аяқтау жоспарлануда.

Осылайша, бұл келісім қаржы ұйымдарының Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің өзара нарықтарына кіруі үшін кедергілерді алып тастауға мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, қазір біз, Палатаның бір топ депутаттары, Вьетнам Республикасына ресми сапармен жолға шығуымыз қажет. Сондықтан жалпы отырысты әрі қарай менің орынбасарым Гүлмира Истайбекқызы жүргізеді. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Г.И. ИСИМБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Мен аталған заң жобасын қолдаймын және әріптестеріме де оны қолдауды ұсынамын.

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы! Қаралып отырған келісімнің 4-бабына сәйкес қатысушы елдердің заңнамасын үйлестіру процесі 2025 жылдың 1 қаңтарына қарай аяқталады. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіру процесін аяқтағаннан кейін 2025 жылы Алматы қаласында Қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлттықтан жоғары орган құрылады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Аталған органға қандай өкілдіктер берілетін болады? Осы орган қабылдайтын шешімдердің мәртебесі қандай болмақ? Рақмет.

ДОСАЕВ Е.А. Сұрағыңызға көп рақмет.

Дұрыс айттыңыз, басты жұмысымыз – үйлестіру. Біреуі – унификация, біреуі – үйлестіру. Үйлестіру деген жақындату дегенді білдіреді. Келісімге енгізілген нормалар 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін, бірақ оған дейін жұмыс біте қоймайтындығы да қарастырылған. 2025 жылдан бастап Алматы қаласында жаңа орган құрамыз, сол орган осы жұмысты жалғастыратын болады. Ол жұмыс, біріншіден, жана қағидаларды енгізу, екіншіден, ортақ қаржы нарығын құруда барлық кедергілерді жою. Минск қаласында қазан айында болған мемлекеттердің орталық банк төрағаларының кездесуіндегі шешім – Қазақстан Республикасының келесі жылдың мамыр айына дейін жаңа органның жұмыс нормаларын жасау. Ол жұмыс келесі жылдың мамырына дейін аяқталады. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Ерболат Аскарбекович! Согласно данному соглашению все страны-участницы в процессе гармонизации должны руководствоваться основополагающими принципами таких международных организаций, как Базельский комитет по банковскому надзору, Международная ассоциация страховых надзоров, Международная организация комиссий по ценным бумагам и другие.

Сегодня этими организациями выработаны определенные стандарты в сфере финансового рынка, способствующие в том числе и снижению системных рисков, однако уровень соответствия данным стандартам в странах союза разный. Поэтому, наверное, этот процесс внедрения стандартов указанных организаций должен определенным образом координироваться.

В связи с этим у меня к Вам следующие вопросы:

1) Насколько наше законодательство соответствует стандартам вышеназванных международных организаций?

2) Как будут координироваться вопросы внедрения участниками соглашения международных принципов и стандартов деятельности в финансовой сфере? Спасибо.

ДОСАЕВ Е.А. Большое спасибо.

Наверное, все страны – участницы Евразийского экономического союза стремятся к внедрению передовых практик и международных стандартов. На сегодня Казахстан соответствует всем стандартам перечисленных Вами международных организаций, которые регулируют банковский сектор, развитие страхового рынка и рынка ценных бумаг.

Единственное, мы находимся в процессе перехода по рекомендациям Базельского комитета III. Мы предполагаем, что в среднесрочной перспективе казахстанский банковский сектор перейдет.

В области страхового надзора и рынка ценных бумаг мы соответствуем всем международным стандартам.

Конечно, у нас есть различия между членами-участниками. Поэтому гармонизация законодательства, формирование общего рынка будут идти

посредством внедрения общих принципов. При этом хочу заранее сказать, что законодательство и регулирование каждой страны остаются в ведении самой страны. Будет специфика. Например, понятие «вход на рынок», стандартизованное понятие «лицензия» будут основаны на общих принципах, а все остальные нормы остаются в компетенции центральных банков и финансовых регуляторов. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы! Қаралып отырған келісімнің 6-бабына сәйкес қатысушы елдер үйлестірудің өткізу кезеңдері мен мерзімдерін көрсете отырып, ұлттық заңнамаларын үйлестіру жоспарын әзірлейді. Бірақ осы келісімде кезеңдер мен мерзімдерді айқындау тәртібі көрсетілмеген. Менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Үйлестіру жоспарының кезеңдері мен мерзімдері қандай қағидат бойынша айқындалады?

Екінші. Қатысушы елдер заңнамаларының қаржы саласындағы қандай нормалары мен талаптары бірінші кезекте үйлестірілетін болады? Рақмет.

ДОСАЕВ Е.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Еуразиялық экономикалық одағының мүшелері ратификациялағаннан кейін біз тоғыз айдың ішінде сондай қағидатты дайындаймыз. 2025 жылға дейін өзгерістер қажет ететін заңдарды дайындап, бекітеміз. Ол жұмысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізеді және келесі жылдың мамыр айында Еуразиялық экономикалық комиссияға енгізеді. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Спасибо, Гүлмира Истайбековна.

Уважаемый Ерболат Асқарбекович! В продолжение вопросов моих коллег представим, что к 2025 году наши партнеры подтянутся под уровень, будет все гармонизировано. Можно все-таки узнать Ваше видение как Председателя Национального Банка, в чем будет состоять недискриминационный опыт, как это будет выглядеть на практике?

Второй вопрос. Известно, что с декабря следующего года по условиям вступления Казахстана в ВТО иностранные банки смогут открывать здесь филиалы с гораздо меньшими требованиями. Конечно, вы требования выставили, знаем об этом, но все равно гармонизацию мы будем ждать в 2025 году, а они уже с декабря следующего года смогут открывать филиалы. Какое Ваше видение?

ДОСАЕВ Е.А. Большое спасибо.

Во-первых, хотел бы сказать по поводу условий нашего вступления в ВТО. С 16 декабря 2020 года иностранным участникам финансового рынка разрешено открытие прямых филиалов (это касается банковского сектора и страхового надзора), по рынку ценных бумаг запрещено открытие филиалов, они должны работать на рынке через создание дочерних организаций.

Если сказать касательно банковского и страхового рынков, то поставлены ограничительные условия. Понятно, что мы намерены увидеть у себя на рынке только квалифицированных и крупных участников. Например, для банковского сектора прямой капитал материнской организации должен составлять 20 миллиардов долларов, прием депозитов от населения – не менее 120 тысяч долларов (ограничительная сумма), а для страховых компаний аккумулированная капитализация головной организации должна составлять не менее 5 миллиардов долларов.

То есть уже на входе и при вступлении мы поставили ограничительные условия, что хотим увидеть в Казахстане большие капитализированные институты. Поэтому никаких больших препятствий не видим для того, чтобы пришел тот, кто желает работать на территории Республики Казахстан.

Если говорить о 2025 годе, понятно, что уровень законодательства сегодня действительно разный, уровень внедрения международных стандартов тоже разный. Поэтому предполагаем, что шаг за шагом в трех секторах (банковский сектор, страховой сектор и рынок ценных бумаг) мы будем постепенно снимать все необходимые барьеры.

Понятно, специфика финансового законодательства предусматривает, что финансовые регуляторы и центральные банки будут контролировать ситуацию в полном объеме.

Мы договорились, что до мая следующего года подготовим драфт, как поэтапно и по степени важности до 2025 года будем снимать барьеры для рынков.

Например, у нас есть общая договоренность, во-первых, по страховому рынку. Мы договорились о взаимном признании лицензий. Стандартизованная лицензия, выдаваемая центральным банком и регулятором страны происхождения, позволит снять барьеры, при этом страховые полисы будут покупаться на территории Казахстана и на территории Российской Федерации отдельно. Поэтому у нас смешения не будет. Единственное, упрощается с точки зрения обращения тех же страховых полисов.

Эта работа очень важна. Я считаю, что свободное перемещение капитала, которое заложено в Договоре об учреждении ЕАЭС, является основополагающим принципом работы всех центральных банков и регуляторов.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Ерболат Аскарбекович, например, все гармонизировали, барьеры сняты. Как это практически будет выглядеть? Все, наступило это время. Банк России сегодня может здесь открыть только дочерний банк, а завтра что он сможет сделать, когда все будет гармонизировано?

ДОСАЕВ Е.А. Центральный Банк России ничего не сможет открыть.

РАУ А.П. Ну не Центральный Банк России, понятно, что банк второго уровня.

ДОСАЕВ Е.А. Сегодня для всех есть возможность присутствовать на рынке в виде двух форм – либо в виде открытия дочерней организации, либо в виде открытия филиала.

Если говорить о гармонизации, еще раз говорю, это вопрос о технических барьерах, которые сегодня существуют. Предположим, если мы гармонизируем законодательство и будем доверять регуляторам стран – участниц Евразийского экономического союза, то они получают облегченный доступ на казахстанский рынок в виде брокера на Казахстанскую фондовую биржу без прохождения дополнительных проверок с нашей стороны. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы! Өздеріңіз де білесіздер, банк секторы цифрландырумен белсенді түрде қамтылған салалардың бірі болып табылады.

Өз кезегінде цифрландыруды дамыту қаржы ресурстарымен жасалатын алаяқтық қауіптерді, тәуекелдерді арттыруға, сонымен қатар киберқылмыстың өсуіне алып келеді. Мысалы, біздің елімізде банктерге шабуыл жасау фактілері бірнеше рет тіркелген. Ақша қаражаты және клиенттердің дербес деректерін ұрлау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы ресурстарға сілтемелердің таралуы орын алуда. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері қаржы нарығы саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қалай шешетін болады? Рақмет.

ДОСАЕВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл сұрақ бәрімізге де маңызды. Бір ай бұрын Сочи қаласында жиналған орталық банк төрағаларының ең басты сұрағы осы болды. Өйткені, жаңа Сіз айтқандай, цифрландырудың арқасында интернет арқылы барлық қызметтер көрсетілуде. Қазақстанда интернет арқылы жүргізілген төлемдердің саны үш жылдың ішінде бес есеге көбейген. 2021 жылдан бастап әр елдің заңнамаларын үйлестіру жұмысы жүргізіледі. Ондай шешім бар. Мысалы, Ресейден немесе Армениядан кибершабуыл болса, біздің арнайы органдармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік болу үшін заңнамалық өзгерістер енгіземіз. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Ерболат Асқарбекович! С 1 января 2020 года Национальный Банк Республики Казахстан передает Агентству по регулированию и развитию финансового рынка часть своих функций и полномочий, но на момент подготовки и подписания этого соглашения все регуляторные, надзорные, контрольные функции – как в отношении финансовых организаций, так и в отношении всего финансового рынка – реализовывал Национальный Банк, и он же являлся одной из сторон подписания соглашения.

С учетом ожидания создания нового финансового регулятора поясните, пожалуйста, в рамках данного соглашения какие-то функции Национального Банка будут передаваться и закрепляться за новым органом, и если да, то какие конкретно? Возникнут ли в связи с возможной передачей функций правовые основания для внесения изменений в данное соглашение?

ДОСАЕВ Е.А. Большое спасибо.

С учетом реорганизации Национального Банка в соответствующем проекте Указа, который Глава государства уже подписал, предусмотрена передача необходимых полномочий новому Агентству по регулированию и развитию финансового рынка, связанных с реализацией наших международных соглашений. Поэтому изменений в соглашение вносить не надо.

Вопросы, связанные с полномочиями, регулированием и надзором всех финансовых рынков, будут переданы в новое агентство, независимое и непосредственно подчиненное Президенту страны. В нем будет предусмотрено регулирование всех трех основных секторов – банковского и страхового рынков, рынка ценных бумаг.

В соответствии с законом, поддержанном вами в июне и подписанном Президентом 3 июля, в периметр регулирования включаются теперь онлайн-кредиторы, ломбарды и кредитные товарищества. Ну и ранее к банковским учреждениям можно отнести и микрофинансовые организации.

Поэтому в строгом соответствии с законом, который уже принят и вступает в силу с 1 января 2020 года, в будущем будет создан национальный орган по регулированию, который будет гармонично и синхронизированно работать с размещением в городе Алматы. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. То есть никаких изменений не предполагается?

ДОСАЕВ Е.А. Нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы! Осы келісімнің мақсаты – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ қаржы нарығын құру. Бұл өз кезегінде келісімге қатысушы мемлекеттер арасында ортақ есеп айырысу жүйесін енгізуді талап етеді. Бұл одақтың, біріншіден, өзара сауда-саттықта есеп айырысуды жеңілдетуді және жеделдетуді, сонымен қатар қатысушы елдер арасында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз етуді, есеп айырысуда АҚШ доллары мен басқа да шетел валюталарына тәуелділікті төмендетуді көздейтін міндеттерден туындап отыр. Осыған байланысты сұрағым бар.

Одақ елдері үшін ортақ төлемдік есеп айырысу жүйесін құру болжанып отыр ма?

Және ел арасында жиі көтеріліп жүрген бірыңғай валютаны енгізу туралы мәселе қойыла ма?

ДОСАЕВ Е.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Ең басты мақсат – ортақ қаржы нарығын құру. Төлемдік есеп айырысу стандарттарын енгізу ол халықаралық стандартқа келтіру болып табылады. Өздеріңіз білесіздер, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда есептік стандарттардың тоғызын енгізіп отырмыз, ол қаржы секторында. Біз сол жұмысты жалғастырамыз. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің ішінде бір шешім болады. Төлем стандарттары, яғни бір-біріне өткізу мәселесі де біздің жоспарымызға енгізілетін болады. Келесі жылы жоспар дайын болғаннан кейін жариялаймыз. Біз банк секторымен, басқа секторлармен бірге жұмыс істеп, Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсыныстар енгізетін боламыз.

Валюта енгізу немесе валюта одағын құру мәселесі Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта қарастырылмаған. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ондай мәселе тұрған жоқ.

Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства юстиции.

Как уже было сказано, участниками соглашения планируется разработать план, в котором будут определены этапы, сроки гармонизации законодательства в сфере финансового рынка.

Соответственно, наш уполномоченный орган, ответственный за гармонизацию, должен иметь перспективный план до 2025 года, предполагающий проведение системной работы по внесению изменений в законодательство Казахстана, то есть заблаговременно запланировать нормативные правовые акты, подлежащие гармонизации.

В связи с этим у меня следующий вопрос.

Планирует ли Национальный Банк совместно с Министерством юстиции разработать такой план и синхронизировать его с планом законопроектных работ Правительства, чтобы не получилось так, что Парламенту осенью 2024 года придется работать в ускоренном темпе над большим пакетом документов по вопросам финансового рынка? Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ерболат Аскарбекович, Вы начнете, потом представитель Министерства юстиции продолжит.

ДОСАЕВ Е.А. Большое спасибо.

На самом деле эта работа будет в компетенции двух государственных органов – Национального Банка и нового Агентства по регулированию и развитию финансового рынка.

Мы предполагаем после завершения ратификации всеми государствами – участниками Евразийского экономического союза подготовить план (обязаны это сделать в течение девяти месяцев), в котором по годам будет расписана необходимая нормативно-правовая и законодательная работа. Как только этот план будет готов, мы, конечно, согласуем его с Министерством юстиции и в рамках ежегодного утверждения плана законопроектных работ на очередной год мы будем вносить

необходимые предложения и изменения в законодательство, а также в соответствующие нормативные правовые акты. Работа будет завершена в установленные сроки.

У Национального Банка и агентства нет права законодательной инициативы, поэтому работа будет проходить через Правительство. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Вице-министр юстиции Акерке Естайкызы Ахметова, у Вас есть что дополнить по плану законопроектных работ?

АХМЕТОВА А.Е. По плану законопроектных работ у меня нет дополнительных комментариев, но, думаю, что вопрос гармонизации законодательства по договорам Евразийского экономического союза – это планомерный вопрос, который будет прорабатываться. Это же не только в сфере финансового рынка, но и в других сферах. Я не думаю, что будет большой обвал в плане законопроектных работ на 2024 год.

ДОСАЕВ Е.А. Хочу Вас заверить, что ничего неожиданного для Мажилиса Парламента не будет. Все в плановом порядке будет подготовлено. Как я сказал, работа будет сосредоточена именно в рамках формирования общего финансового рынка и снятия административных барьеров для входа на наши взаимные рынки. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Для Министерства юстиции. Вообще речь шла о том, чтобы работа была очень системной, планомерной и максимально заблаговременной. Если в течение девяти месяцев во всех странах уже определятся по гармонизации, в какие законы нужно будет вносить изменения, то это должно найти свое отражение в плане законопроектных работ Правительства.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ракмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтар аяқталды.

Ерболат Асқарбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қаралып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 2019 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №321 қаулысына сәйкес енгізілді.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ қаржы нарығын құру қаралып отырған келісімнің негізгі мақсаты болып табылады. Оны ратификациялау банк және сақтандыру секторларында, бағалы қағаздар нарығындағы көрсетілетін қызметтер секторында қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияларды өзара тануды қамтамасыз ету үшін жағдай жасайды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарына дискриминациясыз қол жеткізуді ұсынады.

Келісім заңнаманы үйлестіру бағыттары мен тәртібін айқындауға, мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы ұлттық заңнамасында көзделген нормаларды жақындастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күнде Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды. Қарау кезінде жұмыс тобына ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Айтылғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлестіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп есептейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Серік Досымханұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемые коллеги! Интеграция финансовых рынков является составной и неотъемлемой частью создания единого экономического пространства стран Евразийского экономического союза. Сегодня евразийский регион является центром бурной деловой активности.

Многое, конечно же, предстоит сделать для формирования единого финансового рынка. Прежде всего необходимо создать нормативные основы и разработать единые технологии и процедуры надзора регулирующих органов за деятельностью участников финансового рынка.

Поэтапная реализация данного соглашения позволит повысить доступность и качество финансовых услуг для граждан и компаний, повысить эффективность финансовой сферы, а также усилить конкуренцию на рынке.

Сегодня очень важным является стратегическое партнерство инфраструктур национальных финансовых рынков. Оно включает в себя взаимный доступ участников рынков и эмитентов к рынкам капитала, совместное развитие технологий, создание института централизованного клиринга и проведение совместного маркетинга.

Создание общего биржевого пространства позволит Евразийскому экономическому союзу стать одним из ключевых элементов мирового финансового рынка, обеспечивая приток в национальные экономики мировых финансов и устойчивый экономический рост государств союза.

Важными приоритетными направлениями интеграции фондовых рынков являются создание равных условий для взаимного доступа инвесторов и эмитентов на национальные рынки, взаимный допуск брокеров и дилеров, ценных бумаг к организованным торгам.

В мире страховых услуг с проведением гармонизации законодательства отечественные компании также со своей стороны получают доступ к клиентам на всем пространстве Евразийского экономического союза, что, в свою очередь, с усилением конкуренции на рынке будет способствовать внедрению новых страховых продуктов, повышению качества услуг и сервиса, а также понижению цены на некоторые виды услуг.

С учетом вышесказанного, уважаемые депутаты, я предлагаю поддержать рассматриваемый законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Сергей Анатольевич.

Құрметті депутаттар, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұртта құжатпен қамтамасыз ету
Бөлімінің сектор меңгерушісі
Майс Н. Шайтанбаев*